

# СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ОҢ ЖАҚ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ СЕЛИТЕБТІ АЙМАҒЫНЫҢ ОРНИТОФАУНАСЫ

Орындаған: МБЕ-801 тобының магистранты  
Нұрланқызы Гүлім

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.к, доцент Хромов В. А.

## **Диссертациялық жұмыстың мақсаты:**

Семей қаласының оң жақ жағалауының селитебті аймағындағы құстардың түрлік құрамын және динамикасын анықтау.

## **Диссертациялық жұмыстың міндеттері**

1. Қалалар орнитофаунасы бойынша әдебиеттер жинау
2. Селитебті аймақ құстарын анықтаудың методикасын үйрену
3. Семей қаласының оң жақ жағалауының селитебті аймағындағы құстардың түрлік құрамын анықтау
4. Семей қаласының оң жақ жағалауының селитебті аймағындағы құстардың экологиясын және динамикасын анықтау
5. Семей қаласы құстарының анықтағыш атласын құрастыру

# Зерттеу нысаны мен әдістемелері

Құстарды табиғатта бақылау үшін

- тілек қажет
- Шыдамдылық
- дала күнделігі
- құстардың анықтағышы
- Дүрбі
- құстардың дауыстарымен және фотосуреттерімен дискілер.




Құстарды бақылауда керекті заттар

Сіз қандай құсты көргеніңізді түсінуге көмектесетін 5 негізгі белгілері бар:

- \* Құс түсі: пішіні және өлшемі
- \* Бояуы және қауырсыны
- \* Мінез-құлқы
- Мекен ету жері
- \* Дауысы



# Зерттеу жүргізілген аудан



Семей қаласының картасы

1 – Ертіс өзені акваториясы 2 – Саяжай массиві

3 – Жер үйлер секторы 4 – Көп қабатты үйлер секторы

## **Затон ауданы бойынша 2017-2020 жж. аралығында жүргізілген зерттеулер**

2017-2020 жылдары Затон ауданы бойынша жүргізілген зерттеулерді қорытындылайтын болсақ, 8 отряд 21 түр құстары кездесті. Әр жылы түрлік құрам бір қалыпты, бірақ та әр түрдің саны артқанын байқауға болады. Жыл мезгілдеріне де байланысты құстар санының өзгеруін атап айтқан жөн. Көктем айларында құстардың түрлік құрамы максималды шегіне келіп отырса, қыс мезгілінде ең төменгі шегінде болады.

# Семей қаласының оң жақ жағалауының құстары

Түрдің өңірдегі мәртебесі:

\* - Отырықшы құстар

\*\* - көші қон құстар

\*\*\* - қыстап шығатын құстар

\*\*\*\* - ұшып өтетін құстар,

\*\*\*\*\* - кездейсоқ ұшып келген құстар



# Отырықшы құстар арасындағы доминанттар

Биотоп	Түр
Ертіс өзені жағалауы	Барылдауық үйрек – <i>Anas platyrhynchos</i> Ақжон тоқылдақ – <i>D. leucotos</i>
Саяжай массивтері	Көк кептер – <i>Columba livia</i> Ала қарға – <i>Corvus cornix</i>
Жер үйлер секторы	Домовый воробей – <i>Passer domesticus</i> – Торғай Полевой воробей – <i>Passer montanus</i> – Жауторғай
Көп қабатты үйлер секторы	Көк кептер – <i>Columba livia</i> Ала қарға – <i>Corvus cornix</i>

## Көші қон құстары арасындағы доминанттар


Биотоп	Түр
Саяжай массивтері	Ақ шақшақай – <i>M. alba</i>
Көп қабатты үйлер секторы	Таған – <i>Corvus frugilegus</i>
Жер үйлер секторы	Таған – <i>Corvus frugilegus</i>
Ертіс өзені жағалауы	Қара кезкүйрық – <i>Milvus migrans</i>

## Қыстап шығатын құстар арасындағы доминанттар

Биотоп	Түр
Саяжай массивтері	Самыр - <i>Bombicilla garrulous</i>
Көп қабатты үйлер секторы	Самыр - <i>Bombicilla garrulous</i>
Жер үйлер секторы	Самыр - <i>Bombicilla garrulous</i>
Ертіс өзені жағалауы	Үлкен бейнарық - <i>Mergus merganser</i>


## Ұшып өтетін құстар арасындағы доминанттар

Биотоп	Түр
Көп қабатты үйлер секторы	-
Жер үйлер секторы	-
Ертіс өзені жағалауы	Қарабас өгізшағала - <i>Larus ichthyaetus</i>
Саяжай массивтері	Тілеміш - <i>Buteo rufinus</i>




Отрядтар бойынша құстардың түрлер санының арақатынасы







Құстар түрлерінің мекен ету мәртебесіне байланысты арақатынасы



Семей қаласының оң жақ жағалауы  
құстарының экологиялық құрылымы



Семей қаласының селитебті аумағы құстарының қорек ету жағынан әртүрлілігі



Қоныстану аймақтарындағы құстар түрлерінің саны

## **Семей қаласы құстарының анықтағышы**

Семей қаласының анықтағышы  
2017-2020 жылдар аралығынадағы  
жүргізілген зерттеу материалдары  
нәтижесінде құрастырылды.  
Анықтағыш барлығы 75 құс түрінен  
құрастылған.



## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Диссертация жазу барысында ең бірінші ғылыми әдебиеттер жиналып, әдебиеттерге шолу бөлімі жазылды.
2. Белгілі бір аумақтың орнитофаунасын зерттеу үшін негізгі үш әдіс қолданылады. Олар: маршрутты әдіс, нүктелік есеп әдісі, карталау әдісі. Осы әдістердің ішінен маршрутты әдіс едәуір ыңғайлы болғандықтан осы әдіс таңдалды.
3. 2017-2020 жылдары Затон ауданы бойынша жүргізілген зерттеулерді қорытындылайтын болсақ, 8 отряд 21 түр құстары кездесті. Әр жылы түрлік құрам бір қалыпты, бірақ та әр түрдің саны артқанын байқауға болады.
4. 2017-2020 жылдар аралығындағы материалдарды сараптай келе, келесі қорытындыларды айтуға болады: 2017 жылы құстар 20 түр және 8 отрядтан белгіленсе (2018), 2018 жылы 73 түрге дейін өсті. Қазіргі кезде Семей қаласының оң жақ жағалауының орнитофаунасы барлығы 79 түр 16 отряд құстары кездесті. 2019 жылы 6 жаңа түр кездесті. Олар: үлкен бейнарық (*Mergus merganser*), ұзынқұйрықты суықторғай (*Carpodacus sibiricus*), қара сайрақ (*Turdus merula*), орман көктекесі (*Sitta europaea*), шекілдек (*Acanthis flammea*), сұр шілі (*Perdix perdix*). Семей қаласында құстар түрлері санының артуының оң динамикасы, ең алдымен, есепке алу алаңының кеңеюіне және бақылаулардың көп ұзақтығына, сондай-ақ әртүрлі экологиялық факторларға байланысты.

5. Семей қаласының оң жақ жағалауының құстары тіршілік ету биотоптарына байланысты негізгі 4 экологиялық топқа жіктелді. Атап айтатын болсақ, склерофилдер – қатты, сазды субстраты бар биотоптардың құстары. Дендрофилдер – ағаштарда мекендейтін құстар. Склерофилдер мен дендрофилдер құрылыс ғимарттары көп жерлерде тіршілік етеді. Кампофилдер – ашық кеңістіктегі құстар. Олар Ертіс аумағында адам көзіне аса түспейтін жерлерде мекендеген. Лимнофилдер – су маңында және суда тіршілік ететін құстар.

Семей қаласының оң жақ жағалауының экологиялық құрылымы бойынша дендрофилдер мен лимнофилдер басым болып келеді. Оның себебін түсіндіріп өтетін болсақ, Семей қаласында сулы аймақтардың көптігіне байланысты. Ал экологиялық құрылымы бойынша ең аз кездестінін кампофилді құстар, олар бар жоғы 3 түрден құралған. Олар ақбас тырна, дала қарақасы және сары шақшақай

6. Семей қаласының селитебті аумағы құстарды кең ауқымда қоректенумен қаматамасыз ете алады. Қорек етулеріне байланысты құстарды негізгі 8 топқа бөлуге болады.

Омыртқасыздармен және аралас қоректенетін: омыртқасыздар және өсімдіктер, омыртқасыздар және омыртқалылармен қоректенетін, полифагті құстар басым болып келеді. Аралас қоректенетін құстар қала орнитофаунасының 40 % астам аумағын алуда. Оның себебі: урбандалған ортада мұндай құстарға қорегін табу оңай.

Семей қаласы селитебті аумағында ең аз кездесетіндерге өсімдік қоректі құстарды жатқызуға болады. Олар: барылдауық үйрек (*Anas platyrhynchos*), қызылқасқа сутартар (*Gallinula chloropus*), қасқалдақ (*Fulica atra*).

7. 2017-2020 жылдар аралығындағы жиналған деректерге сүйене отырып, Семей қаласының құстарының анықтағышы құрастылды. Анықтағышта 16 отрядтан 75 құс түрі жайлы жазылған

*Назар қойып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет!*

